

**«Қаратоғай жалпы орта білім беретін мектебі» КММ
№1 қамқоршылық кеңес отырысының хаттамасы**

Өткізілу күні:

Өткізілу орны: Қаратоғай жалпы орта білім беретін мектебі

Өткізілу уақыты:

Қамқоршылық кеңес төрайымы: Д. Тауханова

Қатысушылар: қамқоршылық кеңес мүшелері

Мектеп директоры: М. А. Имашева

Оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: Г. К. Есенжолова

Хатшы: Г. Е. Ерполатова

Күн тәртібі:

1. 2021-2022 оқу жылына арналған мектептің оқу-тәрбие қызметін талдау
2. «Мектепке жол» республикалық акциясының барысы туралы ақпарат. Акция барысында көрсетілген қайырымдылық көмек туралы есеп.
3. Қамқоршылар кеңесі туралы ережемен, мектеп жарғысымен танысу.
4. 2021-2022 оқу жылының қорытындысы. Мектеп директорының есебі.

Отырыс барысы:


1. Бірінші мәселе бойынша қамқоршылық кеңесінің төрайымы Тауханова Динара 2021-2022 оқу жылында мектеп пен қамқоршылық кеңесінің мүшелерімен бірлесе атқарған жұмыстардың есебін берді.
2. Екінші мәселе бойынша әлеуметтік педагог Казиева Г.К. «Мектепке жол» акциясы бойынша ақпарат беріп өтті. Мектептің әлеуметтік педагогі мен 1-11 класс жетекшілері көп балалы, аз қамтылған, толық емес, жетім, жартылай жетім және қамқорлықтағы, мүмкіндігі шектеулі балаларды анықтап, жаңұяларға барып, зерттеулер жүргізіп, материалдық, тұрмыстық жағдайларын тексерді. Жалпы оқу қоры есебінен аз қамтылған, толық емес, жетім, жартылай жетім, қамқорлықтағы және мүмкіндігі шектеулі 1-11 класс оқушылары арасынан 8 оқушы анықталып, тізімге алынды. Мектеп мұғалімдері тарапынан оқушыларға 50000тг. (елу мың теңге) көлемінде кеңсе тауарлар түрінде көмек көрсетілді. Қаратоғай ауылының әкімдігі өз тарапынан демеуші арқасында 100 мың тг (жүз мың теңге) көлемінде 5 көп балалы отбасына соның ішінде 15 оқушыға кеңсе тауарлары түрінде көмек көрсетті. Қаратоғай ауылының жеке кәсіпкерлері демеуші ретінде 210 мың тг (екі жүз оң мың теңге) көлемінде 7 көп балалы отбасына соның ішінде 16 балаға кеңсе тауарларымен бірге мектеп сумкаларын ұсынды. Қаратоғай ауылының жастары 12 мың (оң екі мың теңге) көлемінде 2 көп балалы отбасына кеңсе тауарлары түрінде көмек көрсетті. Биылғы оқу жылы демеушілік қолдауын жасап, өз тарапынан көп балалы, аз қамтылған отбасына көмек жасаған ауыл азаматтарға алғысымыз шексіз. Олар: Жылқыбай Айбек, Алипбаев Еркебұлан, Тобағабылов Ерлан, Мурзабеков Талгат, Жунусова Нурия, Тауханова Динара.
3. Үшінші мәселе бойынша директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Есенжолова Г.К. Қамқоршылар туралы ережемен және де кеңес мүшелерін мектеп жарғысымен таныстырып өтті. Білім беру ұйымдарындағы қамқоршылық кеңесі туралы осы ереже ҚР 2007 жылғы 44 бабының 9 тармақшасына сәйкес және Қазақстан Республикасы «Білім туралы» заңының №355 бұйрығы негізінде әзірленеді. Қамқоршылық кеңес мектептегі балалардың қажетіне пайдаланылатын материалдық жағдайын қамтамасыз ету, әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларынан шыққан оқушыларға қолдау көрсету, мектепке жабдықтар, материалдар мен оқу-әдістемелік әдебиеттер сатып алуға көмектесу үшін құрылады.
Мектеп жарғысы мен ережелері:
 - Жұмысқа, сабаққа кешігуге;
 - Сабақта тәртіп бұзуға (сөйлесуге, ойнауға, басқа іс-әрекеттермен айналысуға, өзінің және сыныптастарының назарын басқаға аударуға);
 - Мектеп әкімшілігінің рұқсатынсыз сабақтан басқа іс-шараларға босатуға;
 - Себепсіз сабақты босатуға (себепті жағдайлар анықтамамен расталған ауырғаны және ата-ананың (қамқоршысының) мектеп директорының атына жазылған өтініші);
 - Мектеп әкімшілігі және сынып жетекшісінің жазбаша рұқсатынсыз барлық сабақ аяқталғанша мектептен кетуге;

- Арнайы рұқсатсыз және адам өмірі қауіпсіздігі, жолда жүру ережелері, мәдени орындарда өзін-өзі ұстау, басқа да сәйкес нұсқауларсыз топпен серуендерге, киноға, театрға, мұражайға т.б.орындарға баруға;
 - Мектеп әкімшілігінің рұқсатынсыз бекітілген кестеден тыс іс-шараларды, үйірмелерді, спорттық секцияларды жүргізуге жұмыстарын жүргізуге;
 - Сауда-саттық жүргізуге (сату, сатып алу, айырбас жүргізу, қарыз алу);
 - Демалыс, мереке күндері (кезекшіліктен басқа) және жұмыс күндері сағат 20.00-ден кейін мектеп ішінде болуға.
 - Діни атрибуттары бар киімдерді киюге және бас киіммен жүруге.
4. Төртінші мәселе бойынша 2021-2022 оқу жылының қорытындысын мектеп директоры Имашева М.А. қорытындылады. Өз анықтамасында жыл бойына қойылған жоспардың орындалғанын, қамқоршылық кеңес атқарған жұмысы айтты.

Шешім:

1. Қамқоршылық кеңесінің жұмысы «қанағаттанарлық» деп есептелінсін, әрі қарай жалғастырылсын.
2. «Мектепке жол» акциясы әрі қарай жалғасын тапсын.
3. Қамқоршылар кеңесінің ережесі мен мектеп жарғысы ескерілсін.
4. 2021-2022 оқу жылының қорытындысы«қанағаттанарлық» деп есептелінсін.

Қамқоршылық кеңес төрайымы:



Д.Тауханова